**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Мамыр айы 2024 жыл 3 апта**

**№2 «Алақай» ортаңғы тобы**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі<br>20.05.2024 | Сейсенбі<br>21.05.2024 | Сәрсенбі<br>22.05.2024 | Бейсенбі<br>23.05.2024 | Жұма<br>24.05.2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Көңілді күн әнімен қарсы алу | Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу | Достық эстафетасы арқылы қарсы алу | Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдырлатып қоңырауын соғып кіріп,келесі балаға береді | Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б) |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме | Баланың денсаулығы жайлы әңгіме | Баланың басқа балалармен қарым –қатынасы жайлы әңгіме | Топтық іс-шаралар мен мерекелер жайлы әңгіме | Баланың көңіл күйі туралы әңгімелесу |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,<br>бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Д/о: «Сөйлемді жалғастыр» балаларды берілген тапсырманы мұқият тыңдап отыруға, үйрету. **Коммуникативтік дағдылар** | Сюжетті –рөлдік ойын<br>«Дәрігер»<br>Дәрігердің қызметін білгізу. Ірі құрылыс материалдарымен түрлі түсті нысанда құрастыру.<br>**Шығармашылық дағдылар** | Көңілді санамақтар<br>«Санамақтар»<br>Санауға деген қызығушылықтарын ояту.<br>**Танымдық дағдылар** | Ертегі оқып беру<br>«Шалқан»<br>Ертегісін үстел үстінде театрландыру<br>**Коммуникативтік дағдылар** | Саусақ ойыны<br>«Кірпі»<br>Момақанмын алайда<br>Тікенім көп абайла<br>Кіріп кетсе қолыңа,<br>Өкпелеме, жарайма<br>**Коммуникативтік дағдылар** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені<br>**№18 (құралсыз)**<br>**І.**Бір қатармен жүру.Жүру түрлері:ұшымен,қол жоғары;өкшемен қол басын артында;сау жолдарымен жүру,қол белде.Жүгіру түрлерлері:бір қатармен;жүгіру мен жүру ауысып.Екі қатарға тұру.<br>**ІІ.**Б.қ-н.т.,қол төмен<br>1.Ұшын тұрып,қолдарын жан-жақтан көтеріп,алақандарға қарау.2.Б.қ.3.Ұшуға тұрып,қолдарын жан-жақтан көтеріп,алақандарға қарау.4.Б.қ.<br>Б.қ.аяқты кең ашып тұрысы,қол арқасында<br>1.Оң жаққа бұрылыс.қол жан-жаққа.2.Б.қ.3-4.Басқа жаққа (5-6рет)<br>Б,қ.-н.т.,қол иықта<br>1.Оң аяққа еңкейю.2.Б.қ.3-4.Басқа жаққа(5-6рет)<br>Екі аяқпен жоғары секіру.<br>**ІІІ.**Жүгіру.Бір қатармен жүру.Тыныс алу жаттығу «Маятник»-түзу тұрып,аяқтарын иық деңгейінде қойып,таяқты арқасына жауырыннан төмен ұстау;денесімен жанына қарай еңкейу;уақытта «Т-у-у-у-х-х»деген дыбыспен демін сыртқа шығарады(3-4рет)<br>**(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтауды жетілдіру: оң-сол. | Балаларды геометриялық фигура дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. | Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа,бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеуін дамыту | Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша өздігінен қайталап айтуға баулу. | Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштардыжаттауға баулу. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру;<br>Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі жүгіру;<br>Тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, "жыланша еңбектеу;<br>Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру;<br>Қимылды ойын:<br>«Күміс алу» | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>тізені жоғары көтеріп жүру<br>аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіре жүру;<br>шеңбер бойлап жүгіру;<br>допты екі қолымен жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен лақтыру;<br>Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру;<br>Қимылды ойын:<br>Күміс алу | **Музыка**<br>Музыкалық-ырғақты қимылдар: Музыкаға сәйкес қимылдарды орындауға, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтауға үйренеді. Билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауға, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануға талпынады. | **Қазақ тілі**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануды пысықтау. | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>тізені жоғары көтеріп жүру аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіре жүру;<br>Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі жүгіру;<br>Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру<br>Қимылды ойын:<br>«Допты дәлдеп лақтыр» |
| | Гүлдер топырағы құрғап, ойыншықтар кірлеп қалғанын бақылатып оларды суарып топты жинап ретке келтіруді ұйымдастыру. | «Кім жылдам?» ойынын ойнату.<br>Үстел үстіндегідей затпен бірдей немесе ұқсас заттарды жинату. | Балаларға көрші ел Ресей туралы ақпарат беру.<br>Олардың ұлты орыс екенін және олардың ұлттық киімдерін көрсету, киіп би билетіп ән айтқызу.<br>**(көркем әдебиет, музыка)** | Ғажайып қоржындағы ойыншықтарды таныстыру.<br>Дидактикалық ойын «Кім жылдам жұбын табады» ғажайып қоржындағы ойыншықтарды шығару, балаларға топтан соның | Тұсау кесу дәстүріне байланысты сөз тіркестерін меңгерту. Фильм арқылы көрсету. Тәй тәй әнін айтқызу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Өсімдіктерге күтім жасауға баулуды жетілдіру.<br>**(қоршаған ортамен танысу)**<br>«Әтеш пен бұлбұл» әңгімесін оқып беру. Әңгіменің негізгі ойын баларға түсіндіру.<br>**(көркем әдебиет)** | Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), байыту. Оларды салыстыруды дамыту<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)**<br>Ұжымдық жұмыс. Алдын ала жасалған бәйтерекке жапырақтарын ермексаздан жасап жабыстырғызу.<br>**(мүсіндеу)** | Орыс халқының ұлттық орамалына қарап, суретін бояту. Сурет салу кезінде қарындашты қатты қыспай, дұрыс ұстауды пысықтау.<br>**(сурет салу).** | жұбын тауып сабақтастыру жағдайын жасау.<br>**(математика негіздері)**<br>Топты сәндеуге арналған заттар жасату. Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету<br>**(құрастыру)** | Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, оң және сол. Үстел үстінде бағыттар белгіленген карточкалармен ойын ойнату<br>**(математика негіздері)** |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Серуен** | Кемпірқосақты бақылау<br>Мақсаты: өлі табиғаттың бір бөлігі ретінде кемпірқосақ туралы түсініктерін қалыптас-тыруды жалғастыру.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады.<br>Жарқылдан соң жаңағы,<br>Суға бөкті бар алап.<br>Көкте түрлі жолақты,<br>Өрнек тұрды ғаламат.<br>(кемпірқосақ) Жаңбыр жуды жерімді,<br>Көкте өрмек керілді.<br>(кемпірқосақ)<br>Жаңбыр жауып, күннің көзі көрініп тұрған мезгілде аспаннан кемпірқосақты байқауға | Көбелектерді бақылау.<br>Мақсаты: -көбелектер туралы білімдерін молайту: пайда болуы, көбеюі, құрлысы, пайдасы;<br>-барлық тірі табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Қызыл-жасыл көбелек»<br>Ш. Мұхаметжанов<br>Дала қандай керемет,<br>Қойның гүлге толады.<br>Қызыл-жасыл | Бақылау: Бал арасын бақылау.<br>Мақсаты: Балаларға өздеріне таныс жәндік бал арасы туралы түсінік беру, оның ерекшеліктерін және гүлге қонуын бақылау.<br>Сұрақтар: Араның сыртқы көрінісі қандай?<br>Олар немен қоректенеді?<br>Неге олар гүлге қонады?<br>Еңбек: Аландағы қоқысты жинақтау.<br>Жеке жұмыс: Көркем сөз, жаңылтпаш.<br>Ара, ара, аралар<br>Орманның бойын аралар<br>Гүлдердей сорып бал алар<br>Алысқа ұшып бал алар<br>Бал тәтті ғой, ә, балалар.<br>Қимылды ойын: Жаттығу | Бақылау: Өрт сөндіргіш машинаны бақылау.<br>Мақсаты: Жалпы машина құрылымен оның бөліктерімен толық таныстыра отырып, қызығушылығын арттыру.<br>Еңбек: құм салғыштағы құмды тазалау.<br>Мақсаты: Тазалыққа, ұжыммен бірігіп жұмыстануға тәрбиелеу.<br>Жеке жұмыс: Топтағы қиын баламен жұмыстану.<br>Қимылды ойын: «Орнынды тап»<br>Мақсаты: балалар айнала дөңгеленіп, екі екіден бірінің артынан бірі тұрады. Екі | Бақылау: Жаңбырды бақылау.<br>Мақсаты: Балаларға жазғы жаңбыр туралы түсінік бере отырып, судың қасиеттерімен таныстыру.<br>Сұрақтар: Жаңбыр қай мезгілде жауады?<br>Еңбек: Құмды тазалау.<br>Жеке жұмыс: «Жаңбыр» туралы өлең айту.<br>Қимылды ойын: «Жауады – жаумайды»<br>«Қолшатыр»<br>Мақсаты: Кеңістікке бағдарлап, жүгіре білуге үйрету. |



Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болады. Ол жаңбыр тамшылары арасынан күннің сәулесі өткен уақытта көрінеді. Жаңбыр тамшылары неғұрлым үлкен болса, кемпірқосақ соғұрлым анық көрінеді. Кемпірқосақта жеті түс бар: қызыл, қызғылт, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін. Бұлар барлық уақытта осы бір ретпен орналасады. Балаларға сұрақтар: Кемпірқосақ қай уақытта пайда болады ? I Ол қай уақытта жоғалады? Кемпірқосақ қандай құбылыс, қалай пайда болады? Тәрбиеші балаларға тапсырма береді. Асфальт бетіне түрлі-түсті борлармен кемпірқосақтың суретін салу. Еңбек: Балабақша ауласын қоқыстан тазалау. Мақсаты: аула тазалаушыға көмек беру, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Қимылды ойын «Қасқыр қақпан». Мақсаты: Ойын шартының дұрыс орындалуын бақылау, ойын кезінде байқампаз болуға баулу. Жаттығу ойыны: | көбелек, Бір ұшып, бір қонады. Қанша қусаң көбелек, Қанаты бір талмайды. Сонымен не керек, Ақыры ұстай алмайсың. Жазда, жасыл алқапта, гүлдер басында әдемі көбелектер ұшып жүреді. Олар сондай әдемі, түрлі-түсті. Ертеде Римде адамдар көбелектерді өсімдіктер гүлінен пайда болған дегенге сенген Көбелектің екі жұп қанаты бар. Олар майда қабыршақпен көмкерілген. Сондықтан да оларды қабыршақ қанаттылар деп атайды. Көделектің денесі қабыршақпен және майда шаштармен көмкерілген. Олардың қысқа мұрттары мен үлкен көздері бар. Гүлден гүлге қонып көбелектер шырын жинайды және оларды тозаңдандарады. Жазда ұрғашы | ойын: «Дәлме – дәл жүргізу. «Бақташы мен үйір» | ойыншы жүгіріп, бір – бірін қуалайды. «Ақ терекқөк терек» ойыны | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты: арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру.<br>Халық болжамы.<br>Кемпірқосақ кешке көрінсе, ертесіне күн ашық болады | көбелектер жер қыртысына жұмыртқаларын жинайды. Бірнеше уақыттан соң жұмыртқалардан құрттар-личинкалыр пайда болады.осы осы құрттардан нағыз көбелектер өседі. Тұт ағашының жапырақтарымен қоректенетін көбелектер адамға жібек алатын жіңішке жіптерін сыйлайды.<br>Зерттеу жұмысы<br>Қай гүлге қандай көбелектер қонып жүргенін қарау.(көбелектер көбіне өзі түстес гүлдерге құмар болады)<br>Еңбек<br>Гүлзардағы қоқыстарды жинау<br>Мақсаты: еңбек ете білу іскерліктерін қалыптастыру, өз беттерінше тазалық жүргізуге деген құштарлықтарын ояту.<br>Қимылды ойын: «Аюлар мен аралар».<br>Мақсаты:тәрбиеші белгісі бойынша жүкіруге, өрмелеуге жаттықтыру.<br>Жаттығу ойыны: «Кеглиді құлат».<br>Мақсаты: Дәлдеп | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тигізе білуге жаттықтыру. | | | |
| Серуеннен оралу | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өзбетінше ауыстырып киюін қалыптастыру. | | | | |
| Түскі ас | Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка) | | | | |
| Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар). | | | | |
| Бесін ас | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты аузды жауып шайнау, аузды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер) | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Кітаптар қарату. Таныс ертегі қойылымын жасату. (сөйлеуді дамыту) Балаларды екі топқа бөліп ермексаздан әр балаға бір адам пішінін жасату Екінші топта қағаздан әр бала адам сұлбасын адамдардың қолдарын ұстатып қосып жапсырту. (мүсіндеу, жапсыру) «Достық» туралы жаттаған әнін айтқызу (музыка) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Маликаға «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді білуді үйрету. | Айымға негізгі түстерді дұрыс атауды үйрету. | Исламға тұрған орнында қос аяқпен, алға қарай жылжып секіруді үйрету. | Мираска еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің рөлін сомдауды үйрету. | Томириске қағаздан симметриялық пішіндерді қия отырып, түрлі үйлесімдікте сюжетті суреттерді салуға машықтандыру. |
| | | | | | |
| **Серуен** | Еркін ойындар<br>Табиғи заттардан құрылымдар құрастыру.<br>**(Құрастыру)**<br>**Қимылды ойын**<br>«Жоғары лақтыр» | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Кешкі ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | Дастархан басында қалай отыру керек? Баланың сөздік қорын дамыту мақсатында әдептілікке баулу.Дастархан әдебін үйрету. | Сұрақтар қою арқылы жыл мезгілі туралы әңгімелесу. Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | Көктем гүлдері туралы әңгімелесу. Суретін қағаз бетіне салуға дағдыландыру. | Ұжымдық сурет салдырту. Әртүрлі пішіндердегі жапырақтарды салу. Бояу. | Құрастыру ойыншықтарымен еркін ойын. Әртүрлі құрылымдар құрастыруды үйрету. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Баланы суықтап қалудан сақтан-дыру» кеңес беру. | Оюларды бастыру | Тілдік жаттығу жасау | Мақал-мәтел үйрету. Жұмбақтар сұрау | Ата-анамен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. |
| | | | | | |

«Тексерілді»
15 «Әлия» бөбекжайы
МКҚК-ны әдіскері:
_____ У.Г. Нурмухаммедова
« 17 » 05 2024

Scanned with CamScanner